

2012 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № А-12/335 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 желтоқсанда № 1-12-156 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 10 маусымдағы № 04-350 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімі аппаратының 10.06.2013 № 04-350 х а т ы м е н) .

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2012 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

б е л г і л е н с і н :

- 1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) ұзақ уақыт жұмыс істемеген (бір жылдан көп) азаматтар;
- 3) м и г р а н т т а р ;
- 4) азаматтық қызметтен босатылғандар;
- 5) техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бітірушілері;
- 6) ауырғаннан кейін емделу курсынан өткен, туберкулезбен ауыратын т ұ л ғ а л а р .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ұ . А . А х м е т о в а ғ а жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

А.Қалжанов